Маслихатының 2010 жылғы 3 желтоқсандағы № 352 "Рудный қаласының жер телімдері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін және жер аймақтары шекараларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 132 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 7012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 208 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 27.03.2025 № 208 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 11-бабы 1-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2010 жылғы 3 желтоқсандағы № 352 " Рудный қаласының жер телімдері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін және жер аймақтары шекараларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3748 тіркелген, 2011 жылғы 11 қаңтарда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Рудный қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы";

2-тармағы жана редакцияда жазылсын:

"2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Рудный қаласының жерлері бағалау аймақтарының шекаралары бекітілсін.";

жоғарыда көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының тақырыбы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Рудный қаласының жерлері бағалау аймақтарының шекаралары".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы *М. Ахметов*

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы *С. Ещанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің
жер қатынастары басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Н. Абдуов
2017 жылғы 15 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК